

Л2005

4819к


Джойс
КЭРИ

Бірде үміт,
бірде үрей




Әлем
өдебиеті





Джойс
КЭРИ



Бірде үміт,
бірде үрей

РОМАН



"АУДАРМА" баспасы
Астана, 2004

821.111.1-31

ББК 84 Англ 7-4

К 98

Қазақстан Республикасы Ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша
шығарылды

Кэри Джойс.

К 98 Бірде үміт, бірде үрей. Роман. Аударған Мыңбай Ілес.
Астана: Аударма, 2004. – 592 бет.

ISBN 9965-18-084-9


Джойс Кэри – жиырмамыншы ғасырдағы ағылшын әдебиетінің аса ірі реалист жазушыларының бірі. Оның шығармаларындағы негізгі тақырыптардың бірі – әйел тақырыбы. Автор бұл тақырыпты “Бірде үміт, бірде үрей” романында барынша кең тыныспен қамтып, жеке адамның өмір жолын суреттеу арқылы заман тынысын айқын аңғартады. Басты кейіпкер Табитаның өмір жолын көркем суреттеу арқылы Джойс Кэри Англияның 1890 жылдан 1940 жылдың ақырына дейінгі кезеңдегі оқиғаларын тартымды баяндайды.

ББК 84 Англ 7-4

К $\frac{4703010000}{00(05)-04}$

© Ілес М., 2004.
© “Аударма” баспасы, 2004.
© Қазақстанның кітап
графикасы суретшілерінің
қоғамдық бірлестігі, 2004

ISBN 9965-18-084-9



АВТОР ТУРАЛЫ АЗ ҒАНА ДЕРЕК

Джойс Кэри /1888–1957/ – XX ғасырдағы ағылшын әдебиетінің аса ірі реалист жазушыларының бірі. Ол өз шығармашылығында әрбір жеке адамның соншалықты құнды екенін сан алуан қырынан көрсете білді. Болашаққа сеніммен үміт арту және адамгершілік абзал қасиет – оның шығармаларының өз оқырмандарын еріксіз баурап әкететін негізгі ерекшелігі.

Аса беделді саналатын ағылшын-американ әдебиет анықтамалығында Джойс Кэриге “...мүмкін, оның Диккенс пен Хардидің дәстүрін жалғастырып келе жатқан бірден-бір ағылшын романисі болып қалуы да ықтимал” деп баға берілді. Ал әдебиет тарихының аса көрнекті білгірі У. Аллен “...Кэри ағылшындардың рухани өмірінің негізін қалайтын ізгі дәстүрлердің бірін көркемдік бояуымен құлпырта суреттеп беру арқылы өз міндетін ғажайып шеберлікпен орындап шықты, онсыз қазіргі Англияны да, ағылшындарды да бар болмысымен көзімізге елестете алмас едік” деп толықтыра түсті.

Джойс Кэри – роман жазудың және оның жана түрлерін енгізудің кеңінен танылған шебері. Ол алуан түрлі қызықты жағдайлар мен драмалық эпизодтардың сарқылмас көзін тапқан жазушы сияқты әсер қалдырады. Бұл ретте оның өмірден көргендері мен білгендері көп пайдасын тигізгені сөзсіз. Ол қиыншылықты көп көрді. 1912–1913 жылдардағы Бірінші Балқан соғысына /Болгария, Сербия, Грекия жағында түріктерге қарсы/ санитарлық әскерлер офицері ретінде, содан соң Нигерияда Бірінші дүниежүзілік соғыстың Африка майданындағы шайқастарына қатысты. Нигерияда елеулі жарақат алды да, елде жеті жыл бойы /1913–1920/ ағылшын отарлаушы әкімшілігінің

шенеунігі қызметін атқарды. Бұл жылдар оның шығармашылық өмірінде елеулі із қалдырды – африкалық өмір кезеңінен алып жазылған “Азаттық алған Айша” /1932/, “Америкадан келген кісі” /1933/, “Африкалық тәуіп әйел” /1936/, “Мистер Джонсон” /1939/ атты романдары жарық көрді.

Жазушы сол кезде-ақ өзінің бұрынғы және кейінгі романдарына ортақ “Бостандық комедиясы” деген ат ойлап тауып еді. Оның шығармашылық шеберлігі бұрынғысынан да шындала түсті. “Балалық шақтың мекені” деген шығармасы 1942 жылғы ең үздік ағылшын романы деген сыйлыққа ие болды. Оның соңғы сегіз романының алтауы екі трилогияны құрайды. Сыншылардың ортақ пікірі бойынша, бұл трилогиялар ғажайып ерекшелігімен және мейлінше тартымдылығымен құнды. Олардағы үш негізгі тақырыптың біреуі – әйел тақырыбы.

Автор бұл тақырыпты “Бірде үміт, бірде үрей” /1949/ романында барынша кең тынысты етіп қамтыды, жеке адамның өмір жолын суреттеу “заманның айқай-шуына толы” дауыспен қосыла барынша жаңғырықты. Романдағы негізгі тұлға – қатардағы қарапайым Табита. Оның тарих тасқынының тулаған толқынындағы өмір жолын көркем суреттеу арқылы Джойс Кэри Англияның 1890 жылдан 1940 жылдың ақырына дейінгі кезеңде бастан кешкен оқиғаларын тартымды баяндайды.

БІРДЕ ҮМІТ, БІРДЕ ҮРЕЙ

Р О М А Н

1

Баскет ханым өзінің қызы ерекше жаралған бала екенін сендіре айтқанда бұған достары мен таныстары бастарын шұлғи келісетін. Олар кіп-кішкентай қыздың үй астындағы шағын қойманы тіміскілеп жүріп, дәмі қандай екенін білмек болып, қара көмірді тойғанынша жеп шыққанын; бірде сіріңкемен ойнап отырып, өз бөлмесінің терезе пердесін өртеп жібергенін, тіпті бүкіл үйді отқа орандыра жаздағанын естігенде аһ ұрып, жағаларын ұстасқан. Олар қыздың ешқандай себепсіз өзінен-өзі сықылықтап күлгеніне де, ызаға булығып, өксіп-өксіп жылағанына да, өзімшілдігі мен ашқарақтығына да таң қалысатын; ал өз үйлеріне барған соң, жалпы алғанда, Табита Баскеттің кәдімгі қатардағы қыздардың бірі ғана екенін, оның үстіне, сұлу да емес екенін сөз етісетін. Сондай-ақ шешесі аурушаң да әлжуаз, ал әкесі күнәға бейім жігерсіз әрі өзінің түрі де келіспеген қыздың өмірде көп қиыншылықтарға тап болатынын да жандары аши отырып әңгімелейтін.

Турасын айту керек, дәрігер Баскет өзінің сәтті бастаған қызметін шынында да екі түрлі елеулі күнәлі ісімен бүлдіріп алған болатын: ол науқастарды емдеуге келгенде өз заманынан аздап озып кеткенімен, өмір сүру салты жағынан одан едәуір артта қалып қойған еді. Ол көңіл көтеретін қайдағы бір тойтомалақтар мен күлкілі әңгімелерді жақсы көретін, алайда оның мұнысын екіжүзді сатқындардың көз алдында ежелгі дүние авторларынан келтірілетін дәйектемелер ақтап ала бермейтін. Тоғышар сыпайыгершілікті қатаң ұстанушылар үшін латынь атаулының қай-қайсысынан да папашылдықтың иісі аңқитын да тұратын, ал олар өздеріне түсініксіз нәрсенің бәрін де адам-

гершілікке жат деп санайтын. Оның үстіне, Баскет, басқа да байырғы вигалар /саяси көзқарас иелері/ сияқты, өзінің радикальдық саяси көзқарасын жаңалық атаулының бәріне бірдей жеркеніш сезімімен ұштастыратын. Ол өз графствосындағы ең алыстағы емделушілерге атпен баруды ұнататын ең соңғы дәрігер болатын. Ал өзі жолшыбай тамағын жібітіп алу үшін аялдаған кезде оның дуалға байлаулы тұратын қарны тоқ боз биесі өз несі туралы кексе әйелдердің “ол ішеді” деген көміл сенімін растай түсетін сияқты еді. Кексе әйелдер үшін “ол ішеді” деген сөз шамадан тыс ішеді дегенді білдіретін. Ол әлгі әйелдердің өздеріне іш жүргізетін сүйікті дәрі жазып беруді сұраған өтінішін орындаудан бас тартқан кезде, сондай-ақ іш жүргізетін дәрілердің бәрі де жын-шайтанның ойлап шығарғандары, адамның ағзасын уландырғаннан өзге әсері жоқ деп мәлімдеген кезде әйелдер өздерінше, бұл, ішкілікке әбден берілген нағыз маскүнемнің өзі екен деген шешімге келетін. Өйткені оларға адам ағзасы іш жүргізетін дәрінің мөлшерін жиі-жиі қабылдап тұрмаса, кәдімгі канализация жүйесі тәрізді түрлі қоқыстармен бітеліп қалған тұрғын үйдің мүшкіл халіне душар болатыны мейлінше жақсы мәлім еді; олардың мұндай ғылыми қиялдарын шынында да бүкіл хабарлар мен жарнамалар дәлелдеп берген болатын.

Дәрігер Баскет барған сайын кедейлене берді де ақырында, әйелі қайтыс болғаннан кейін, шынымен-ақ біржола салынып ішуді шығарды. Бақытына қарай, ұлы Гарри де жиырма алты жасында дәрігер дипломын алып, әкесінің жолын қуды. Әкесінің ойына не келсе, соны істейтін делқұлы әрекеттерінен бала жасынан тағылым алып өскен кіші Баскеттің аяқ алысы өз заманының талаптарына мүлтіксіз сай болды, одан қалып та қойған жоқ, озып та кеткен жоқ. Ол іш жүргізетін дәрілерді, бірақ олардың ең жаңа түрлерін ғана жазып беретін болды, сондай-ақ бір ат жегілетін шағын күймемен жүретін, ал ол күйме емделуші науқастың есігі алдында тұрғанда бүкіл көшенің сәнін келтіріп, мәртебесін арттыратын. Жасы жетпістен асқан кәрі Баскет өз ұлына өзі күлетін, оны жұмысқа берілгеннен басқаны білмейтін топас және айтқанға бас шұлғи беретін көнбіс деп санайтын. Бірақ жас жігіт өзін-өзі жоғары санап, дандайсудан аулақ еді, бәлкім, тап сондықтан да ол отбасылық жақсы дәрігер

ғана емес, сонымен қатар инабатты ұл да бола білді. 1888 жылы Фруд-Грин өз темір жол бекетіне ие болып, Лондонның маңындағы қалаға айналғаннан кейін ол тіпті әжесптәуір дүниемүлік жинап, байып та кете алатын еді. Бірақ ондай болуына ысырапшыл талғамы күшті әйелге үйленуі кедергі келтірді. Көрсеқызарлық сезімге берілмейтін өзге де көптеген тәуір жігіттер сияқты ол да өзін қолға түсіріп алуды көздеген ең алғаш жолыққан батыл шешімді қыздың жолында құрбан болып, жиырма сегіз жасында өз үйінде жүріп-ақ оның құлақ кесті құлына айналды. Сол қылығымен туған әкесінің түбіне жетті. Өйткені жас келіншек кәрі Баскеттің әрекеттеріне төзбеді, онымен сиыса алмай, көп ұзамай-ақ ашық шайқасқа дейін барды. Ол шайқаста, әрине, келіні жеңіп шықты. Жеңіліс тапса да төкаппарлық танытқан қарт отбасылық ойраннан есі шыға асыпсасқан баласы Гарриге бір ауыз да шағым айтпады, қарттар үйінен жиһазбен жабдықталған бөлме жалдап, бөлек шығып кетті. Бейшара жарты жылдан кейін сонда қайтыс болды.

Бұл кезде Табита он төрт жаста еді. Ол кіп-кішкентай, апарық, ерні дүрдиген әрі тәмпіш мұрын, аздаған шығыңқы үлкен көздері бадырайған және қолаң шашты қоңыр өрімі бар қыз болатын. Кейде еріксіз байқалып қалатын баяғы ескі әдеттері болмаса, оның бойынан бұрынғысынша ешқандай ерекшелік біліне бермейтін. Алып жүрген бағалары қабілеті орташа өзі қатарлы басқа қыздарға қарағанда аздап төмендеу; ол өзгелермен салыстырғанда саз сабағының оқытушысы мен ең бірінші озат оқушы қызды едәуір байсалдылықпен жақсы көріп қалғанды. Табита өз құрбы қыздарының арасында барып тұрған ең салақ әрі ұрысқақ болды, әсіресе ер балаларды жек көрді, сондай-ақ шіркеуде және жексенбілік мектепте біреуді мазақтауға құмартып, өзгелердің бәрінен де көбірек жырқ-жырқ күле беретін.

Оның шіркін-ай велосипедім болар ма еді деген арманы ерекше күшті еді. Ол кезде велосипед дегеніңіз жаңалық атаулының ең тамашасы болатын, сонымен қатар аса қауіпті әрі әдептілікке жат саналатын. Бай отбасынан шыққан еркекетотай құрбысының велосипеді бар екенін ойлаған кездері қызғаныштан түні бойы көз ілмейтін. Өйткені ол қыз велосипедіне мініп алып, ата-анасы мен мұғалімдердің қырағы қадағалауынан

ғайып болып, бір жаққа тайып тұратын, тіпті бірде Лондонға барып қайтыпты, онда автобуста әлдебір сұмырай шалдан зәресі ұша қорыққанын да айтып берді. Ал Табитаның әкесі қатып-семген бауыр ауруынан олейін деп жатып бұған велосипед сатып ала ғой деп он бес фунт ақша берді және оны шұғыл түрде сатып алып, өзінің жатқан пәтеріне алып келіп көрсетуді тапсырды. Сол кезде қуанышы қойнына симай, бір сәт тілсіз сілейіп қатып қалған еді. Содан соң әкесін құшырлана сүйе бастады. Баласының жұмсақ еріндерінің тиюін жақтырмай қашқақтаған ол Табитаны кеудесінен кері итерді. Ол балаларды жақсы көрмейтін, оның үстіне, қартайған шағында, шамасы, байқаусызда қате пайда болып қалған осы бір кейіпсіздеу қызына ерекше нәзік сезім білдіре қоймайтын. Оның ұнататын нәрсесі – өзінше әрекет ету. Мұны ол, өз сөзімен айтқанда, жарық дүниедегі барлық нәрсені өз орын-орындарына рет-ретімен қоюға жанталаса тырысып бағатын, өздерін-өздері топас сезіммен ғана дандайсытатын адамсымақтарға қасақана жасайтын.

Сондықтан да ол Табитаға тек былай деді:

– Мына бір нәрсені осында алып келіп көрсетуді тапсырған себебім, ең болмаса, сенің мұны шынымен алғаныңды біліп кету болды. Ал егер мен өзіңе өсиет бойынша мұра етіп қалдыратын ақшадан өз қолыммен беріп кетпесем, сен әлі бес жылға дейін мұның бір дөңгелегіне де ие бола алмас едің. Гарри мен оның әйелі жас бойжеткенге велосипедтің түкке қажеті жоқ деп санайды. Әрі қауіпті, әрі әдепке жат дейді. Енді жөнел, айдап үйірен, ал егер тұмсығыңды бұзып, қанға бояп алсаң немесе мойын омыртқаңды майып қылсаң, олар барлық кінәні маған, әкене, аудара салсын. Енді бір аптадан соң бұдан маған келіп-кетер ештеңе де болмайды.

Өзінің ойына келген, бірақ Гарри мен Эдит өздерінің ашу-ызасын келтіретін қылық деп санаған осы бір ғана әрекеті арқылы ол Табитаның бұған деген тіпті де қажеті жоқ сүйіспеншілігіне бөленді, қызы өз өмірінде бірінші рет соншалықты ыстық ықыласпен дұға оқыды, яғни құдайдан қарт әкесінің өмірін ұзартуды жалбарына тіледі. Ал әкесі қайтыс болғанда өксігін баса алмай, шіркеудің ішін басына көтеріп, өжеттене өкіріп жылағаны сонша, жеңгесі оны кіре беріс есік жаққа алып шығып,

мұндайда адам деген өзін-өзі дұрыс ұстай білуі тиіс деп ақыл айтуға мәжбүр болды. “Тибби, бүйтіп беталды бақырып-шақырып жылап-сықтауға болмайды. Бұлай ету өте-мөте өзім-шілдік саналады. Біздің бәріміз де сен сияқты қайғырудамыз. Бірақ, көрдің бе, өзімізді-өзіміз ұстап жүрміз ғой. Біз қай жерде тұрғанымызды ұмытқан жоқпыз, ал Гарри байғұстын қайғысына ортақтасып, жанымыз ашиды-ақ, ол әкесін шынымен жақсы көретін”.

Табита әкесін оншалықты жақсы көрмейтін еді дегенді мегзейтін бұл сөзден кейін қыздың қайғысына әлдебір өкініш араласты. Әлдебір терең ішкі жан дүниесінен булығы көтеріліп, еңіреп жылаған үні оның нәзік қабырғаларының арғы жағынан ерекше бір күшпен атылып шығып жатқандай еді, көзінен аққан жасы иегінен бұршақтай тамшылады, ал өрілген бұрымы селк-селк етіп, тіпті көйлегін сабалауға дейін жетті. Жап-жаңа қаралы киім мен жаңа қалпақ кигенімен ол тап қазір бетінің қаны қашқан боп-боз, бірақ танауы қып-қызыл бақытсыз бала ғана емес, оның үстіне, салдыр-салақ әрі күтімі жоқ бейшара сияқты көрінді. Гарриге шын жаны ашығандықтан өзін-өзі ұстауға тырысып-ақ еді, бірақ олай ете алмады. Үйге қайтарда Гарри күймесіне мініп, оны алдына алып, тізесіне отырғызғанша, әкеміз нағыз шынайы жақсы өмірге аттанып кетті, мұндайда христиандар марқұм болған адамды ойлап, қайғы қасіретке берілмеуі тиіс, қайта өздерінің жақынынан айрылып қалғанына ғана өкінуі керек деп түсіндіргенше жылап-сықтаумен болды. Осы сөздің жалпы мәнінен гөрі Гарридің өз аузымен айтылуы діни сезімдерге байланысты толып жатқан ойларды қоздатты, Табита өзін шынында да едәуір жеңіл сезініп, ба-сылайын деді.

2

Табита ағасы Гарримен ұдайы дерлік айтысып-тартысып жүрсе де оны шын жақсы көретін еді. Өйткені оның жаны жақсы екенін білетін. Әсіресе адалдығына бас иетін – бұған Гарри ешқашан жағына жақсы көрінуге тырыспайтын, мұның көз жасына да ешқашан иліге қоймайтын. Ағасы қаншалықты балағаттап

ұрсып жатса да көзіне жас алмауға бұл да барынша тырысып бағатын. Тәкаппар да намысқой көпшілік балалар сияқты бұдан былай сөгіс естімеу үшін оқуға байыппен қарап, ынталы болуға біраз уақытқа дейін өзін-өзі күштеп көретін.

Ал, діни тәрбие алуына келетін болсақ, ағасының үйдегі айтатын уағызы мұның төзімін тауысып, мезі қылатын. Бірақ өзіне жақын адамдарды жақсы көру, ақиқат, қайырымдылық, Иисус туралы сөздер көңіліне әрқашан ұялай қалатын. Сөйтіп құдайға әр аптаның жексенбісі сайын біркелкі, әрі тартымсыз өтетін құлшылық ету рәсімінің өзі де мұның ар-ожданын, жүрек сезімін астан-кестен дүрліктіріп, бұдан былай тек ізгі ниетпен адал өмір сүруге бел будырған болатын. Жалпы алғанда, ол әкесінің өлімінен кейін, яғни өзінің он бес жасқа толуымен тұспа-тұс дерлік келген осы оқиғадан соң Табита ізгі ниетпен адал өмір сүру қажеттігін бірден жан-тәнімен толық сезініп, өмірге бейне бір қайта келген адамдай өзгеріп сала берді. Өз басындағы жаңа сезімдердің күшті әсерімен ол жырк-жырк күлкі атаулыны және әйелдерге тән күйіп-жанып сүйе қалу, сонғы сән үлгілеріне, опа-далапқа құмарлық, махаббат қарым-қатынастары оқиғаларына қызығушылық сияқты осалдықтарды кәдімгідей ашу-ызамен айыптайтын болды. Ендігі жерде мұның бәрін де ұшқарылық теріс нәрселер деп санады. Сөйтіп ол әдепті мінез-құлық туралы өз түсінігін тұңғыш рет қалыптастырып алды. Сол сол-ақ екен, ол өзіне тән қызу қандылықпен, тіпті шектен тыс ынта-жігермен әлгі түсінігін жүзеге асыруға тырысты. Ол мейлінше мейірімді, әрі қатал болып шыға келді. Діни мерекелердің бірде-біреуін жібермей, шіркеуге баратын болды. Он жеті жасында жоғары сынып шәкіртінің өкілеттігіне қол жеткізген ол шәлкестік пен сотқарлық атаулыға аяусыз тыйым салды. Ол енді тіпті велосипедтің өзіне де қарсы шықты, өйткені оны күнәлі әуесқойлықпен рұқсат етілмейтін еркіндікке қақпаны соншалықты кеңінен айқара ашады деп білді. Ұстаз әйелдер оны өздерінің сенімді тірегі көрді, оның есесіне мұны әлі жас шәкірт қыздар тіпті де жақтыра қоймайтын. Өйткені оларға өте қатал әрі қаһарлы болатын. Бойының биіктігі небәрі бес фут, екі дюйм болса да спорт алаңында бұған жол беретін, өзінен әлдеқайда бойшаң қыздардың қай-қайсысы да Табитаны олардың төбесінен қарайтындай сезінетін.

Табита ендігі жерде өз күнін өзі көретін нәпақа табуға берік бел буды. Басқаша айтқанда, өзінің әкесі сияқты бұл да өз заманынан аздап озып кетті. Бұлай етуіне салмақты негіз де бар еді: әкесінің ойсыраған кәсібін енді ғана жандандыра бастаған Гарридің қаржыдан тапшылық көруі, сондай-ақ оның келіншегі Эдитке деген өшпенділігі себеп болды.

Эдит – сымбатты, сәнқой, дөрекілеу мінезі бар, үлде мен бұлдеге бөленуді, сондай-ақ тоя тамақтануды ұнататын, өзін соқыр сезіммен сүйетін күйеуіне ұдайы көңілі толмайтын кез келген өзге әйелдер сияқты бұның да Гарриге риза болған жері жоқ. Ол тың идеялар мен астан-кестен сезімге берілген жас қызға – қайын сіңлісіне деген өшпенділікті өршіте түсу үшін жаралған жандай көрінетін. Табитаға тіпті оның сұлулығы да, жергілікті қоғамда жалпы жұрт таныған арыстандай айбаты мен сәнді киімдерді заңдастырушы ретіндегі алатын орны да жеркенішті болатын. “Оксфорд-стритке барып, Гарри байғұстын бар ақшасын жұмсап қайтуды ғана біледі, ал мұның бәрін де өзгелердің өлердей өкінішін тудырып, көзін қыздыру үшін жасайды” деп ойлайтын. Ол Эдиттің жібек белдемшесінің сусылын да, тіпті опа-далабының иісін де өлердей жек көретін.

Табита Қытайға барып, дін таратушы қызметкер болуды, ең дұрысы ештеңеден хабары жоқ, ой-санасы қараңғы пұтқа табынушылар арасында жұмыс істеуді жарты жыл бойы қатты армандаған еді. Бірақ көп ұзамай, бұл жоспарының быт-шыты шықты. Өйткені Балқарағайға қонақ болып келген дін таратушы бір қызметкердің нағыз ерлік жасағанын естіп білсе де оның осы заманғы әйелдерге деген көзқарасы адам төзгісіз өте-мөте қатал екенін көрді. Ол велосипед айдаған әйелді көргенде қайдағы бір құбыжыққа тап болғандай зәресі ұшып, қатты қайғырған еді, ал Эдиттің темекі тартқанын көргенде басқа бір жерден тұрғын жай іздеуге мәжбүр бола жаздады. Табитаның әйелге тән әдепті мінез-құлық туралы көзқарасы қаншалықты қатаң болғанымен де ол әйелдер жөнінде өрескел сөз айтуға, немесе олардың енді ғана қол жеткен бостандығына қастық жасауға батылы барған кез келген адамға қолма-қол тойтарыс беруге өзін тұратын. Ол әлгі қонаққа өзінің де велосипед айдайтынын айтып салған. Онда тұрған соншалықты нендей жамандық бар екен?

Бұл сұраққа қонақ салқын жауап қайтарды: әдепті әйелдің велосипедпен жүруі жараспайды, жап-жас қыздың алдында оның себептерін егжей-тегжейлі түсіндіріп жату ыңғайсыз. Табиғаның екі беті ұялғанынан қып-қызыл болып кетті де өз сөзін айтып салды:

– Мұны қалай деп түсінуге болады?.. Сіздің ақыл-ойыңыз мүлдем азғындаған екен ғой! – Эдит пен Гарри бұл сөзді жақтырмай, қысылып қалды, діни қызметкер қасын керді де ернін тістемді. Ал қыз орнынан атып тұрды да бар даусымен: – Жок, мен сізден кешірім сұрамаймын! – деп бөлмеден шыға жөнелді.

Тап осы сәтте ол өз өмірін дін уағыздаушы қызметке арнау жөніндегі ниетінен қайтты да оның есесіне пианино ойнауға шешім қабылдады. Оның саз өнеріне деген бейімі бұрын да жаман емес еді. Енді ол күніне алты сағат бойы рояльда отыратынды шығарды, былайғы жұрттың таң қалатынындай, осы ережесін жылдан астам уақытта бір де бір рет бұзған жоқ. Ол бой жете бастады, сондықтан да енді әр нәрсенің басын бір шалуға өзіне-өзі тыйым салды. Оның ендігі есіл-дерті өз өмірінің мақсат-мұратын бағдарлап алып, оны темірдей берік ерік күшімен және қажымас төзімділікпен жүзеге асыруға тырысатын Наполсонға тән жігерлі ақыл-ойдың тойтаруға болмайтын идеясына соншалықты қатты ауды. Енді оның рояльда отырып, бүкіл ынта-ықыласымен еңбек ететіні соншалық, тіпті Эдит ақылынан адасып, жынданып кетуге сәл-ақ қалды, ал Гарри болса, қарындасым денсаулығын бұзып алмас па екен деп уайымдай бастады.

Табиғат жиі-жиі әлде бір нәрседен мазасызданып, абыржытынды, өзінің рояліне, тіпті нәзік сезіммен жақсы көретін жеке бөлмесіне деген кісі таң қаларлық көзқараста болуды шығарды. Осындай жұмбақ жағдайға бой алдырған ол бір күні таңертеңгілік терезеден басын шығарып, бақтағы көктемгі шешек атқан гүлдерді көрсе де көрмегендей:

– Мен енді бұлай өмір сүре алмаймын, төзе алмаймын, ең құрығанда әлдебір өзгеріс болса екен! – деп, бар даусымен айқайлап жібергенін сезбей, өзінен-өзі шошып кетті.

Тап осы минөтте, осыдан бұрынғы бірнеше күндердегі сияқты, үйдің бұрышының арғы жағынан сәнді, тіпті көз тартатын киім киінген – тұз аралас бұрыш түстес сұрғылт, тік жағалы костюмі, көбелек тәріздес көк галстугі, оң жақ қасын бастыра, бір шекесіне қисайта киген бақыраш қалпағы бар бір жас жігіт көрінді. Ол өзінің галстугінен айнымайтын көк көздерін Табитаның терезесіне қадады. Сонымен қатар жарқырата сүртілген сары таяқшасын оң қолының саусақтарымен дөңгелете айналдырды, ал сол қолымен жез мұртының екі ұшын жоғары қарай шиырып қойды.

Табита бұл жігітті бұрын да көріп жүрген болатын. Бірақ оның тап осы минөтте келуі, әсіресе оның қадала көз тастауы әлдебір соққы тигендей күшті әсер етті. Рас, ол бүгін де әдеттегі уақытында, сағат тоғыз жарымда келді. Алайда Табита бұған дейін уақытқа назар аудармаған еді, әлде бұған осылай көрінген де болар.

Бұл қайтадан рояльға ұмтылды да өзінің гаммаларына шүйілді, оларды әдеттегісіндей қатты құшырлана тартты және өзіне-өзі күбірлей сөйлеп: “Жексұрын неме, егер ол мені терезе алдына өзіне қызыға да сүйсіне қарау үшін келді деп ойлайтын болса, қатты қателеседі. Не деген көргенсіздік десеңші! Өзін клубқа неге қабылдамай қойғаны енді түсінікті болды”.

Шынында да теннис клубына сайлау кезінде ата-тегі Бонсер деген жас жігіттің дауысқа түсуге жіберілмегенінің бірнеше себебі бар еді. Біріншіден, ол бұл жердің тұрғыны емес. Оның үстіне, қарызы басынан асады. Оның өзі қаржыға тапшылығым уақытша нәрсе, қазіргі дау-дамай аяқталып, оң шешіле салысымен мол мұраға ие болып шыға келемін десе де оған, неге екені белгісіз, бәлкім, ең алдымен оның сырты жылтыраған сұлулығынан болар, – ешкім сене қоймады.

Табита осы бір жас жігітті қоғамдық бал үстінде кезіктіріп, онымен қатарынан үш рет би билеген еді, өйткені жақсы билейді екен. Содан бері оны есіне алып көрмеген десе де болатын. Өйткені оның саз тартудан қолы босамайды, саз – оның бүкіл өмірінің мәнді ісі. Ол қазір де оның өмірде бар екенін білдіретін бейнесін сол қолмен ойнауға арналған, оң қолға

караганда орындалуы қиын әсем әуен пассажиымен көз алдынан көлегейлей берген еді. Оны осыдан екі күн өткенде барып, Хай-стритте қарсы жолығып қалғанда ғана есіне алды.

Ол басындағы қалпағын театрдағыдай ишаратпен алып, ізет сақтады. Оның бұл қылығын жергілікті жас жігіттер соншалықты жек көретін. Қазір ол:

– Баскет бикеш, бұл қандай бақыт десеңіші! – деп дауыстап жіберді.

– Кешіріңіз... – Қыз өте суық қабақ танытты.

– Мені танығаныңыз үшін алғысымды қабыл алыңыз.

– Мен сізді алғашқыда байқай қоймаппын.

– Мұнда кейбір адамдарға менімен байланыс жасаудың қажеті жоқ деп кеңес берілетінін сіз білетін боларсыз.

– Жоқ, мен ондай кеңесті естіген емеспін, тыңдауға уақытым жоқ – қолым тимейді.

– Өзім де ол жағдайдың сізді кобалажытып, абыржыта қоймайтынын сезген едім. Білесіз бе, Баскет бикеш, сіз бүкіл Фруд-Гриндегі менің күнделікті қызметке бармайтыныма байланысты қысылып абыржымайтын бірден-бір адамсыз.

– Бірақ мұның өзі ақылға қоныссыз нәрсе ғой...

– Иә, мына бір жайт рас емес пе? – Енді ол қызбен қатар келе жатты. – Әрине, мұндағы бүкіл өмір аздап шет жатқан аймақтардағы сияқты – өте шектеулі, ой-өріс жағынан артта қалған, мен айтар едім, нағыз фрудгриндік өмір.

– Ал мен Фруд-Гринді жақсы көремін. Меніңше, бұл өте жақсы жер.

– Сіз үшін солай екені, әрине, түсінікті. Сіз мұнда өз үйіңізде тұрасыз ғой, Баскет бикеш, жер жүзін жақсы білетін әйел затын кездестіру қандай қуанышты десеңіші!

– Бонсер мырза, сіздің бұл арқылы не айтқыңыз келеді? Мен бүкіл өмірімде Англияда тұрып келемін. Бір рет қана Булоньға барып қайтқаным бар.

– Кешіріңіз, Баскет бикеш, өзімді әдепсіз біреу ретінде көрсеткім келген жоқ еді. Бірақ осы бір ой тіпті маза бермейді. Менің айтайын дегенім – сіз менменсіп, дандайсымайтын, өркөкірек тәкаппарлықты білмейтін, ұсақ-түйекті елеі қоймайтын... бір сөзбен айтқанда, нағыз фруд-гриндік адамсыз.

Олар осылай сөйлесіп келе жатып, Хай-стриттің жартысына

жеткен еді. Өзінің қайда бара жатқанын ұмытып қала жаздаған Табита енді бақалшының дүкеніне қарай бұрылды.

– Менің мұнда баруым керек.

– О, бірақ, Баскет бикеш, біздің әлі жолығуымыз керек. Айтыңызшы, сіздің алаңқайға... мысалы, топ қайыңның жанындағы алаңқайға әйтеуір бір серуендеп шығатын кезіңіз бола ма?

– Мұндай қылық мен үшін жат нәрсе екенін сіз өте жақсы білесіз.

– Құдайым-ай, менің сөзімді керісінше, теріс түсінудің не қажеті бар еді?

Бұлай деудің тіпті реті жоқ еді. Табитаның ашуы бұрқ ете қалды.

– Одан емес, менің сөйлесіп тұруға уақытым жоқ, – деді де дүкенге кіріп кетті.

Ол Бонсерге өте қатты ыза болды. “Жер жүзін жақсы билетін әйел дейді ғой. Қандай ұшқарылық! – деп ойлады ол. – Таққан галстугінің өзі қандай жарасымсыз еді”.

4

Табита Бонсерді қайта іші жылымастай болып жек көріп кетер де еді. Бірақ бір күні таңертеңгі астан кейін бұған Эдит былай деді:

– Неге екенін қайдам, осы бір Бонсер деген жас жігіт сенің терезеннен көз алмай, қадала қарауды қатты ұнатады. Оның үстіне, сен рояльда ойнауды тоқтатқан кезде дәлме-дәл жетіп келеді.

Табита ағасының тамақтан бас алмай отырып, ендігі назарын шошқаның сүрленген майына қуырылған жұмыртқадан мұның өзіне аударғанын сезе қойды. Ол тамақты шайнап жеп отырғанмен қабағынан әлдебір үрей пайда болғаны байқалды. Мұның бәрі Табитаның ашуын келтірді.

– Сенің ойыңша, мен оның көркіне қызыға қарайды екенмін ғой?! – деп жеңгесіне қызбалықпен сұрақ қойды.

– Жоқ, жарқыным, әрине, олай емес. Бірақ сен онымен таныс емессің бе? Сендер ретін тауып, Хай-стриitte бірге серуендейсіңдер ғой.

– Тіпті де олай емес... айтпақшы бір-ақ рет... онда да бір себеппен... – Бір секундтай толқудан кейін ол батыл сөйлеуге көшті: – Немене, менің өз танысыммен Хай-стритте бірге сөйлесуіме болмай ма?

– Ә, солай ма, қалай дегенде де ол сенің танысын ба? Әне, біліп қой, бұл жағдай мені таң қалдырады. Өзі соншалықты тұрпайы бірдеңе.

– Мейлі, тұрпайы бола-ақ қойсын, бірақ ол әйтеуір ұсақ-түйекшіл... фрудгриндік сілімтік біреу емес! – Сөйтгі де, басын тәкаппарлықпен жоғары көтеріп, бөлмеден шығып кетті.

Гарри үстел басынан жалма-жан ұшып тұрып, оның сонынан кетті.

– Тибби, жаным-ау, сені мен Бонсердің араларыңда еш-нәрсе де жоқ екенін мен, әрине, жақсы білемін. Бірақ сенің, менің ойымша, бір нәрсені білгеніңнің артықтығы жоқ, оның сонында жаман атағы бар. – Ағасы ем қабылдаушы науқастармен тап осындай сарынмен сөйлесетін еді.

– Гарри, өзің айтшы, ол соншалықты не жамандық істеп қойды?

– Кәне, ең алдымен айтар болсақ, ол қандай табысымен күн көріп жүр? Өзі еш жерде жұмыс істемейді, жұрттан, тіпті әйелдерден де қарыз алудан ұялмайды. Байқа, Тибби, ол тым қауіпті адам.

– Қауіпті дейсің бе? Бұл – барынша бос сөз, Гарри. Шынында, мұның өзін қалай түсінуге болады?

– Жаным Тибби, қазір менің сенімен айтысып тұруға уақытым жоқ. Бірақ сен маған сене бер – ол түкке тұрмайтын адам, барып тұрған алаяқтың тап өзі. Бұдан өткен сорақы, жеке сұрын болуы да мүмкін. Ал, енді менің кететін уақытым болды.

“Қауіпті адам дейді, – деп ойлады Табита. – Мұның өзі Гарридің аузымен айтылған Эдиттің жыры ғой. Ал Эдит дегеніңіз төбесіндегі сұмпайы қатты шашынан бақайшығына дейін түп-түгел фрудгриндік сұмпайы әйелдің тап өзі”.

Келесі күні таңертең Бонсер Балқарағай орманының жанынан өгіп бара жатқанда Табита да есік алдындағы қоршаудан велосипедін алып шыға бастаған еді. Жас жігіт театрдағыша бас иіп, тәжім ете сәлемдесу рәсімін әдеттегісінше орындап

болғанша Табита одан көз алмай қадала қарап қалды. Бонсердің қаншалықты қауіпті адам екенін анық біліп алуға тырысқан ! жан сияқты еді.

– Сіз қай жаққа қарай жүресіз? – деп сұрады жігіт.

– Қалаға барамын.

Ол қызға қарай бұрылып, онымен қатар жүре берді. Қыз кенеттен тоқтай қалды.

– Бонсер мырза, сіз неге менің тереземе қадалып қарай бересіз?

– Себебі бар. Егер сіз болмасаңыз, мен әлдеқашан асылып өлген болар едім.

– Қандай ұшқарылық, олай етуге құқығыңыз жоқ...

– Баскет бикеш, ант етемін, маған сеніңіз. Егер сіз менің орнымда болып көрсеңіз, егер сізбен біреудің танысқысы келмесе, кеудеңізден кері итерсе...

– Бірақ мен сіз үшін ондай ешнәрсе де жасаған жоқпын ғой.

– Сіз қайырымды жан екенсіз. Маған жоғары адамгершілік көрсеттіңіз.

– Табита велосипедін шапшаңырақ айдай бастады. Ол өз үйінің терезесі тұсынан алысырақ өтіп кетіп, Бонсердің сөзін тыңдай бергісі келді. Ол Бонсерге шынымен адамгершілік танытуға берік бел байлаған еді.

– Ал сіз қандай жағдайға душар болып қалдыңыз?

Сол-ақ екен, Бонсер оған қайдағы бір таң қаларлық оқиға туралы ағыл-тегіл әңгіменің тиегін ағытып қоя берді: сөйтсе ол – әлде бір жоғары ақсүйек біреу мен күйеуін тастап, көңілдес жігітімен кетіп қалған қайдағы бір графиня әйелден некесіз туылған бала екен. Шешесі мұны өзінің қызметкер әйелінің ата-тегіне жаздырыпты.

– Алайда, Бонсер мырза... – Табита оған көзін бадырайта қарап қалды. – Мынауыңыз кісі таң қаларлық оқиға екен!

– Баскет бикеш, шындық дегеніңіз ойдан шығарылған оқиғаның қандайынан болса да ғажайып қызықтарға толы келеді. Ал бұл оқиға – мен үшін шын қасірет. Өзінді жұрттың бәрі жек көрсе, – дөрекі сөз қолданғаным үшін кешіріңіз – тексіз шата деп атаса, мұның қаншалықты ауыр азап екенін сізге түсіндіріп жату қиын.

– Олай деп атауға ешкімнің батылы жетпейді.

– Өзіне есіттіріп айтпайды, әрине. Ал бәрі солай деп ойлайды, сіз де солай деп ойлап келесіз, бірақ сіз соншалықты қайырымды, соншалықты батыл жансыз. Мен жақсы білемін, сіздің менімен сөйлесіп келе жатқаныңыздың өзі қоғамдағы жағдайыңызға қатерлі болуы мүмкін.

– Олай деменіз, Бонсер мырза, бұлай деу ақылға қонымсыз. Сіз қай-қайдағыны ойыңыздан шығарып келесіз. Бәлкім, теннис клубындағылар сізге ақымақтықпен қиянат жасаған шығар – ондағылар менменсіген қуыс кеуде біреулер.

– Жоқ, сіз мені түсінген жоқсыз. Қалай ғана түсінерсіз? Сіздің достарыңыз жаныңызда жүр ғой.

Оның қатты торығып айтқан әңгімесі Табитаны көзінен жас келгенше тебіrentті. Бұл енді одан қайдағы бір ескі түсініктен жоғары болыңыз, жұрттың жексұрын әңгімелеріне мән бермеңіз деп жалына бастады. Осыдан он минөт өткен соң ол зират маңындағы жасыл талдың астында тұрып, Табитаны сіз менің өмірімде әйтеуір бір сүйген немесе сүюім тиіс бірден-бір қызсыз деп сендіруге тырысып бақты. Менің өмірім де, жаным да, үмітім де өзіңізсіз деді. Ол енді қыздың қолынан, бетінен сүйе бастады, қыз жалт беріп, қашқақтаған кезде өзіне-өзі ұрсып, дауыстап жіберді:

– Мен өзімді-өзім ұмытып барады екенмін. Менің бірде-бір әдепті, көргенді қызға махаббат туралы айтуға құқығым жоқ қой.

Бұл сөзі арқылы ол Табитаны ашуын басуға және бақытсыз бейшара жігітті жұбатуға мәжбүр етті:

– Қойыңыз, неге құқығым жоқ дейсіз?

Қайтадан сүйіс басталды, тағы да ант-су ішіп, иландыра бастады. Ақырында қыз үйіне керекті заттарын сатып алуға әлде бір сезімдердің абыржытуынан есі шыққан бойда кетті; онда барғанда қант алу орнына күріш сұрады, қақталған балық алу орнына тұздалған майшабақ сұрады. Ол өзіне не болғанын білмей қалды. Содан кейін мынадай ойға келді: “Мен оның бір сөзіне де сенбеймін. Оның мені сүйіп қалуы мүмкін емес. Ұш-қалақтықпен айтылған жай сөз ғана, басқа ештеңе де емес”.

Бірақ осыдан екі күн өткен соң, жанбырлы кеште, Табита велосипедпен жетуге ғана болатын айдаладағы оқшау үйдің

жанындағы арканың астында тұрды. Оны мазалаған әлдебір үрей мен кінәлі болу сезімі еді. Ол былай деп ойлады: “Осы жолы соңғы рет. Әрі қарай жалғастыруға болмайды”. Бірақ Бонсер өзін аймалап сүйген кезде әлдебір танданыстың шегіне жетіп, өзіне-өзі: “Рас, бұл мені шын сүйеді” дегенін білмей қалды.

Осыдан кейін Табитаның өмірі бейне бір түс сияқты ғажайып өзгеріп сала берді, ақыл жетпестей қызық бола түсті. Ол Бонсермен тағы да жолығудан бас тартады, бірақ ертеңіне-ақ онымен бұрынғы мэрлердің бір қалаға мұра етіп, өсиет қалдырған шағын коллекция қоймасы есепті зоология мұражайында қайтадан кездесті. Онда Бонсер борсықтардың және түлеген үкі тұлыптарының ортасында, нафталин мен үгітілген мумиялардың аңқыған иісін жұтып тұрып, Табитаға тағы да ұсыныс жасады. Оны құшырлана құшақтап тұрып, енді күте алмайтынын, өйткені тым қатты сүйетінін айтып үлгерді. Оның жолында қандай қатерге болса да бас тігетінін білдірді. Бұлар жасырын үйленіп, бұл жерден ізін білдірмей кетіп қалуы тиіс екен.

– Некемізді неге құпия ұстауға тиістіміз, себебі неде?

– Былайғы жұрт тіпті біздің бірге жүргенімізді де көрмеуі тиіс.

Бұның себебін ол өз жауларының мұны тынымсыз іздеп жүргендігінде деп түсіндірді. Олардың қолында мұны қамауға алу жөнінде жалған жолмен жасап алған өтірік ордер бар көрінеді. Егер ұстап алса, түрмеге тығып тастауы да мүмкін.

– Менің ісім сотта енді-енді қаралғалы жатқанда қажетсіз жанжалға тап болғым келмейді.

Табита осы бір таң қаларлық жағдайдың мәнісін ұғуға тырысады. Оның аузынан саналуан сұрақтар шығуға әлдеқашан өзір. Бірақ Бонсердің еріндері қыздың еріндеріне жалма-жан жабыса қалып, ол сұрақтардың жолын бөгей қояды. Шаң-тозаңнан мұрнының жыбырлағаны сонша, Табита түшкіріп жібере жаздады. Мұның оң жақ қабатында артқы екі аяғымен тік тұрғызылған қоңыр аюдың тұлыбы теңселіп барып, құлап қалу қаупі төнді. Табита өзін осы бір тар қуысқа қызықтыра алдап әкелген Бонсердің сол жақ қабаттағы ішінде лакпен сырлағандай әдемі балықтар жүзіп жүрген көрме ыдысын үстінен басып сындыра жаздағанын жаны шошына байқап қалды. Жүрегі аттай тулап,

екі тізесі дірілдеп кетті. Осы кезде қыздың ақыл-парасаты: “Жоқ, бұл – ұшқары қылық, бір сөзіне де сенуге болмайды, бәрі де жалған” деп ескертіп тұрғандай еді. Бірақ оның бүкіл болмысы осы бір ақылға қонымды дұрыс ойды немқұрайды қабылдап қана қойған жоқ, оның үстіне әлдебір әсерге бөленген жағдайда қабылдады.

Дегенмен, ол әлі де “жарайды” деген сөзді айтқан жоқ еді. Бұған әлдебір құпия күш осы сөзді айтуға мұрша бермейді. Ал келесі күні зираттың алыс түкпірінде Бонсер Табитаның үйленуге келісімін тағы да сұрады. Бірақ ол қатал сұрақ қойды:

– Дик, сіз маған бүкіл шыныңызды айтып біттіңіз бе? Сіз расында да ешнәрсе жасырып қалған жоқсыз ба?

– Әрине, жасырып қалғаным да бар. Егер мен сізге әкемнің кім екенін айтсам, мұның себебін оп-оңай түсіне қояр едіңіз. Бұл... бұл өзі саяси мәселе.

– Сіздің әкем король отбасының мүшесі еді дегенді айтқыңыз келіп тұрған жоқ па?

– Онда тұрған не бар? Күлетін дәнне де жоқ.

Ал Табита күлкісін әрең дегенде тыйды. Оның тұла бойы күлкіге толы еді. Ол сенбегендіктен емес, қайта қатты таң қалғандықтан күлген болатын. Ол кезекті шылғи өтіріктен жас баланың театрдағы таң қаларлық ғажайып құбылысқа қуанғанындай әсер алған еді. Бірақ ол Бонсердің зығырданы қайнаған наразы көзқарасынан шошып кетіп, былай деді:

– Рас, шындығында мен сізге күліп тұрған жоқпын.

– Яғни, сіз маған сенбейді екенсіз ғой? Солай ма?

– Сабыр етіңіз, мен сізге сенемін, неге сенбейін!

Бонсер жәбірленген кейіп танытты. Ол қалтасынан бір бума қағазды суырып алды. Біріншісі – заңгердің хаты екен. “Бонсердің ісі” деп басталып, одан әрі “Сіздің жүз мың фунт /Z 100.000/ өндіріп алу жөніндегі талабыңыз заңға сәйкес толық құрастырылып, жазылып бітті. Енді біздің өткен жолғы хатымызда айтылған бір ғана құжат жетіспей тұр. Дегенмен сізді асырап, өсірген испан әйелдің дерегі іздеп табылды” деп жазылыпты.

Екінші қағаз – газеттен қырып алынған қиынды. “Бонсердің ісі. Барлық мүмкіндік талапкердің пайдасында”. Ақсүйектер хроникасы бөлімінен алынған сияқты келесі бір қиындыда былай деп көрсетіліпті: “Жұрттың айтуына қарағанда, әлдебір

өте-өте жоғары мәртебелі адаммен тығыз байланыста болған Ричард Бонсер мырза...”.

Табитаны енді өкініш қинай бастады.

– Дик, сіз мені кешіріңіз.

Ал Бонсер Табита жеңіл ойлайтындығы мен оңбаған қылығы үшін өзін-өзі сәгіп біткенше күтті де оны кешірген болды. Қыздың қуанышы қойнына симай, бұрынғысынан да күшейе түсті. Иә, бұл енді оған тұрмысқа шығады. Мейлі азаматтық неке-ақ бола қойсын. Бірақ бұл Гарриге, жалғыз ағасына, бәрі де айтуы керек. Жарайды, некеге ресми түрде тіркелгеннен кейін айтса да болады. Әрине, басқа жаққа кеткенше айтуы тиіс. Жасырып қашып кету деген не сұмдық! “Бұл барып тұрған оңбағандық қой!”.

Өз бөлмесіне келген соң, сезімі аздап бәсеңдегеннен кейін, ол әлі де бір нәрсеге түсінбегендей еді: “Бәлкім, мен оны сүймейтін де шығармын? Бәлкім, ол маған онша ұнамас та? Сұлу жігіт екені рас, көзі мен шашы ер адамдар үшін тіпті жарасымды-ақ. Ал мінезіне келсек ше... Бұл өте маңызды нәрсе ғой!”. Түн қараңғысында Табита өзіне-өзі: “Бұл барып тұрған есуастық! Мен ер адаммен қалай қашып кетпекпін?”.

Осы кездің бәрінде де оның анық білетіні: Бонсер қандай жігіт болса да онымен қашып кетуге әзір. Бұл енді мұнараға көтеріліп алған, бірақ суға секіруге батылы бармайтын бала сияқтанып қазіргі орын алған оқиғадан бас тарта алмайды. Сөйтіп, қуанышы қойнына симай өзіне-өзі: “Иә, бұл шын махаббат. Мен оны құлай сүйемін. Тіпті қорқынышты да” деп ойлады.

5

Осыдан бес күн өткеннен кейін Табита Блумсберидегі¹ қонақ үйдің аса жұпыны бір бөлмесінде жалғыз отырды. Ол Гарриге хат жазып қалдырғанымен қайда кеткенін айтқан жоқ болатын. Қолына неке сақинасы тағылып, келушілердің тіркеу кітабына Ричард Бонсер ханым деп жазылғанымен әлі күйеуге шығып үлгермеген еді. Қонақ үйге келе жатқанда жолшыбай

¹ Лондонның бір ауданы – Бұл жердегі және алдағы ескертулер аудармашылардікі.